

8 ҚАРАША  
18.00  
20.30

ҚОСШЫ  
МӘДЕНИЕТ ҮЙІ  
(Республика IT)

2025



Билеттер Мәдениет үйінің кассасында.  
Тел: +7 (707) 911-22-77, +7 (707) 285-37-56, +7 (707) 610-37-61.

## ҚҰЛАҚҚАҒЫС

### Құрметті Қосшы қаласының және Тайтөбе ауылының тұрғындары мен қонақтары!

Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешенінде танымал әзілкеш Тұрсынбек Қабатовтың жеке шығармашылық кеші өтеді. Билеттер қоғамдық мәдени-спорт кешенінің кассасында сатылады.

Кештің өтетін уақыты: 8 қараша, сағат 18:00 және 20:30-да.

# КРОССВОРД



7-бетте

№43 (182)

1 ҚАРАША  
СЕНБІ  
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ  
22 АҚПАНЫНАН  
БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Jaña Bastau

www.janabastau.kz



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН  
ЖАЗЫЛУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

## ӨЗГЕРІСТЕР – ӨҢІР БАСШЫСЫНЫҢ НАЗАРЫНДА

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жұмыс сапарымен Қосшы қаласына келіп, бірқатар инфрақұрылымдық жобаның іске асырылу барысымен танысты.



Фотосурет: қала әкімдігінің баспасөз қызметі

Облыс әкімі алдымен Республика көшесіндегі скверді аралады. Жалпы, қазір бұл жобаны іске асыру жұмыстары аяқталуға жақын. Ұзындығы 2,2 шақырым болатын аумақта жаяу жүргіншілер жолдары, демалыс орындары салынып, көгалдандыру жүргізілген және шағын сәулет нысандары орнатылған. Одан кейін Марат Ахметжанов биыл жөндеу және

жол жабындысын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген Алтын Қазық, Сәкен Сейфуллин көшелерін аралап көрді.

Сапар барысында облыс әкімі Аққошқаровтар отбасында болып, сол сәтте жер үйлерді газбен жабдықтау жүйесіне қосу жұмыстары барысымен танысты.

Осылай басталған арнайы сапар «VIAMEDIS» ЖШС көпсалалы ауруханасының құрылыс алаңымен танысумен аяқталды.

Өз кезегінде қала тұрғындары мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдауларға ризашылықтарын білдіріп, газдың берілуі өздерінің күнделікті тұрмысын айтарлықтай жеңілдететінін жеткізді.

### ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ: ҚОСШЫНЫҢ ҮЛЕСІ ҚОМАҚТЫ

Ақмола облысының әкімдігінде облыс әкімі Марат Ахметжановтың төрағалығымен өңірдің биылғы 9 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы талқыланды. Жиынға облыстық мәслихаттың төрағасы, аудан және қала әкімдері, басқармалар мен аумақтық департаменттердің басшылары қатысты.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Алмагүл Шүгірмақованың мәліметінше, аграрлық секторда жоспарланған 6,2%-дың орнына өсім 8,9% болып, өнім көлемі 770,4 млрд теңгеге жеткен. Бұл – негізінен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің 11,8%-ға артуымен байланысты.

Өнеркәсіп саласында өңірдің дамуына тау-кен металлургия кешенінің кәсіпорындары елеулі үлес қосып отыр. Жалпы өнеркәсіп өнімінің көлемі 1,8 трлн, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің үлесі 1,4 трлн теңгені қамтыды. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібінің үлесі 77,5%-дан 80,7%-ға дейін өсті. Өсім Целиноград, Аршалы, Шортанды аудандарында және Көкшетау қаласында байқалады.

Инвестициялық белсенділік те тұрақты өсім көрсетіп отыр. Жыл басынан бері облыс экономикасына 556,6 млрд теңге инвестиция салынды десек, бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 1,5 есе көп. Оның ішінде жеке инвестициялар шамамен 372 млрд теңгені немесе жалпы көлемнің 67%-ын қамтыды. Бюджеттік инвестициялар көлемі де артқан.

Алмагүл Шүгірмақова баяндамасында бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуына да тоқталды. Өсімнің негізгі факторларының бірі – жергілікті мердігерлерді тарту және инфрақұрылымдық әрі әлеуметтік жобаларды іске асыру. Ең жоғары түсім өсімі Көкшетау және Қосшы қалаларында, сондай-ақ Бурабай мен Целиноград аудандарында байқалады.

Ал бюджеттің орындалу қорытындылары туралы қаржы басқармасының басшысы Татьяна Беляя баяндама жасады. Оның айтуынша, бюджет қаражатының игерілуі жоспардың 96,7%-ын қамтыған. Бұл – өткен жылдың көрсеткішінен 0,4% жоғары көрсеткіш. 26 облыстық әкімшілендіру органының 8-і қаражатты толық көлемде игерген. Көкшетау қаласының, Жарқайың және Шортанды аудандарының әкімдіктері де қаражатты 100% игерген.

«Ең бастысы, инвестициялар нақты жұмыс істеуі керек. Бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтып, тұрақты жұмыс орындарын ашуға бағытталуы қажет. Бізге қағаз жүзіндегі миллиардтаған инвестициялар емес, нақты нәтиже беретін жобалар керек», – деді облыс әкімі.

Жиын қорытындысында барлық әкімдікке салықтық және салықтық емес әкімшілендіруді жетілдіру, сондай-ақ бюджет қаражатын толық әрі тиімді пайдалану тапсырылды.

## LRT ЖЕЛІСІ ҚОСШЫҒА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жеңіл рельсті көлік жүйесінің (LRT) келесі тармағы Қосшы қаласы бағытымен өтетінін айтты.



Фотосурет: ЦС

Әкімнің сөзіне қарағанда, күн сайын Қосшыдан Астанаға 15-20 мыңға жуық автокөлік кіреді. Бүгінде бұл қала жолдарына айтарлықтай салмақ түсіріп отыр.

– Қосшы – өсіп келе жатқан ірі серік қала. Ол Астананы белгілі бір деңгейде жеңілдетіп отыр. Сондықтан бұл бағыттағы қозғалыс өте белсенді. Сол себепті келесі кезеңде LRT құрылысын дәл осы бағытта бастаймыз, – деді Жеңіс Қасымбек.

Ол бұл желі екінші кезеңнің бір бөлігі ғана екенін атап өтті. Екінші тармақ Сығанақ көшесі арқылы Тұран даңғылына, одан әрі қаланың ескі бөлігі – теміржол вокзалына дейін жалғасады. Ал Қосшы бағытына апаратын желіні шамамен 1,5 жыл ішінде аяқтау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Астана қаласының әкімі жобаны іске асыру үшін қарызға қаражат тартылуы мүмкін екенін атап өтті.

Бұл ретте Қосшы бағытындағы желінің бір бөлігі жер үстімен өтетін болды.

– Бүгінде таңертеңгі уақытта, әсіресе сағат 8 шамасында Қосшыдан Астанаға 50 мыңнан аса адам қатынайды. Бұл Тұран, Қабанбай батыр және Мәңгілік Ел даңғылдарына үлкен жүктеме түсіреді, – деді Жеңіс Қасымбек.

## ҚОНЫСТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚОСШЫЛЫҚТАР!



Республика күніне орай Қосшы қаласында тұрғын үй алу кезегінде тұрған азаматтарға жаңа пәтер кілттерін салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.

Іс-шараға Ақмола облысы әкімінің орынбасары Алтынай Әміренова қатысып, қоныс иелерін көптен күткен қуаныштарымен құттықтады.

«Президенттің тапсырмасына сәйкес, азаматтарды, әсіресе әлеуметтік жағынан осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді», – деп атап өтті Алтынай Әміренова.

Айта кетсек, бұл іс-шара елімізде алғаш рет іске асқан «Отбасы банкінің» пилоттық тұрғын үй бөлу жобасы аясында өтіп отыр. Аталған жоба мұқтаж

азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа әрі тиімді тетігін ұсынады.

Жаңа пәтер иелері мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау үшін ел азаматтарына ризашылықтарын білдіріп, өз қуаныштарын бөлісті.

Жалпы, биыл өңір бойынша әртүрлі санаттағы азаматтарға, соның ішінде әлеуметтік осал топтарға жататын тұрғын үй кезегіндегілерге шамамен 700 пәтер беріліп отыр. Енді жыл соңына дейін 1 200 пәтердің кілтін табыстау жоспарланған десек, соның 500-і – тағы да осы Қосшы қаласының тұрғындарына тиесілі.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУШЫЛАРҒА ӘКІМДІКТІҢ АЛҒЫСЫ ЗОР

Қазан айының екінші жексенбісі елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар күні, ал соңғы жексенбісі әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде аталып өтеді. Қосшы қаласында да бұл күн назардан тыс қалмады.

Қала әкімінің орынбасары Берген Жұмкей әлеуметтік қорғау саласының ардақты өкілдерін арнайы қабылдап, олардың күнделікті еңбегіне зор ризашылығын білдірді. Сондай-ақ қоғамның әлсіз топтарына қамқорлық жасап, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға сүйеніш болып жүрген әлеуметтік қызметкерлердің еңбегін жоғары бағалады.

Осы орайда әлеуметтік салада абыроймен еңбек етіп жүрген қыз-

меткерлерге қала әкімінің алғыс хаттары табыс етілді. Сонымен қатар ерекше жандардың өмірге құштарлығын арттыруға бағытталған «Үміт» облыстық спартакиадасына қатысқан қосшылық спортшылар да елеп-ескерілді. Аталған жарыста олар жүлделі II орын иеленіп, қала намысын лайықты қорғаған болатын. Берген Жұмкей барлығын арнайы құттықтап, табандылықтарына тәнті екенін жеткізді.



Бетті дайындаған: Еркеғали БЕЙСЕНОВ

## БИЫЛҒЫ ЖӘРМЕҢКЕНІ АҚМОЛАЛЫҚТАР АБЫРОЙМЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Өткен апта соңында Астанада жыл сайын өтетін дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінің биылғы кезеңі қорытындыланып, оған Ақмола облысының 130 тауар өндірушісі мен өңдеу кәсіпорны өз өнімдерін ұсынды. Сауда сөрелерінде ет, шұжық, балық, жұмыртқа, сүт және сүт өнімдері, ұн, картоп, көкөністерді қоса алғанда, жалпы көлемі 460 тоннадан асатын 50-ге жуық азық-түлік түрі болды.

Осылайша, Республика күні қарсаңында елорданың «Қазанат» ипподромы үлкен мерекеге айналды. Бір күнге шақталған бұл қорытынды жәрмеңкеге маңызды сәт ретінде назар аударылды. Сондықтан онда өңірдің 17 ауданынан және Көкшетау, Степногор, Қосшы қалаларынан келген ассортимент бай әрі шарттар да тиімді болды. Оның ішінде Қосшы қаласынан жеткізілген 4 тонна ет, 7 тонна көкөніс, 1 тонна шұжық және алуан түрлі нан өнімдері мен ұлттық сусын түрлері дер бар.

«Біз астаналықтарға Ақмола облысының ең үздік өнімдерін ұсынғанымызға ерекше қуаныштымыз. Біздің өңір еліміздің аграрлық саласында әрдайым көш бастап келеді. Әкеліп отырған өнімдеріміз – тек тауар емес, еңбегіміздің жемісі, халыққа деген қамқорлығымыздың көрінісі. Әрбір қазақстандық таза әрі сапалы тағамды әділ бағамен алуы үшін еңбек етеміз», – деді Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Дулат Сердәлі.

Шынымен де бұл жолғы соңғы жәрмеңке астаналықтар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Көптеген тұрғын сапалы өнімді тікелей өндірушіден алуға мүмкіндік тапты.

«Жәрмеңкеде біз өз өнімдерімізді дедіміз ұсынамыз. Осылайша, елор-



да тұрғындары тиімді бағамен сапалы өнім ала алады. Бұл астаналықтар үшін де, біздің фермерлер үшін де тиімді. Барлық өнім тез сатылып кетті. Біз тауарларымызды төртінші жыл қатарынан әкеліп жатырмыз және жәрмеңке туралы алдын ала ескертіп қоятын тұрақты тұтынушыларымыз бар. Хабарландыру осылай ауызша тарайды. Олар өз таныстарын да ертіп келеді», – деді сүт өнімдерін сатушылардың бірі.

Келушілердің қолайлылығы үшін жәрмеңкеде 30-дан аса волонтер жұмыс істеп, тұтынушыларға сатып алынған заттарды тиеуге және жет-

кізуге көмектесті. Сондай-ақ мерекелік көңіл-күйді Ақмола облысынан келген өнерпаздардың концерттік бағдарламасы ерекше жандандыра түсті.

Айта кетсек, Ақмола облысы тек өнім ұсынып қана қоймай, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде де маңызды рөл атқарады. Биыл өңір соңғы 10 жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетіп, 7,5 миллион тонна астық жинады. Сондай-ақ ақмолалық кәсіпорындар елордаға тұрақты түрде тәулігіне 130 тонна сүт өнімі, 80 тонна ет, 700 мың дана жұмыртқа және 25 тонна ұн жөнелтіп отырады.

Астана агломерациясының кешенді жоспарына енгізілген Тайтөбе ауылында тұрғындарды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бағытында ауқымды жобалар іске асып жатыр. Соның ішінде ауылға газ тарату және ауызсу желілерін тарту жұмыстары биыл ерекше қарқын алған.



## ТАБИҒИ ГАЗ БЕН ТАЗА АУЫЗСУ – ТАЙТӨБЕНІҢ ДАМУ ТЕТІГІ

Бүгінде Тайтөбе ауылына газ тарату желілерін салу жобасының жалпы құны 1,8 миллиард теңгені қамтиды. Бұл – ауылдың әлеуметтік және экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Сондықтан былтыр өткен арнаулы конкурс қорытындысы бойынша, «Газовое хозяйство Шымкентгаз» ЖШС мердігер ұйым ретінде анықталып, құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастады.

Сондай-ақ қазір жобаның техникалық қадағалауын «Астанастройинжиниринг» ЖШС, ал авторлық қадағалауын «Жамбылгаз» ЖШС жүргізіп отыр. Нәтижесінде ауыл ішінде ішкі кварталдық газ желілерін тарту жұмыстары қарқын алған. Оның ішінде төмен қысымды желілердің ұзындығы – 15,4 және орта қысымды желілердің ұзындығы – 2,8 шақырым.

Мамандардың айтуынша, барлық инженерлік инфрақұрылым желілері аяқталған соң, ауыл тұрғындары табиғи газға толық қосылады. Демек бұл ауыл халқының өмір сапасын экологиялық жағынан да, тұрмыстық тұрғыдан да айтарлықтай жақсартатын жоба болмақ. Газбен қамтумен қатар, Тайтөбеде

ауызсу жүйесін тарту жұмыстары да белсенді түрде атқарылып келеді. Қазір су құбыры желілерінің дайындық деңгейі 97 пайызға жеткен.

Құрылысшылар құдықтарға фасондық бөлшектер орнату, диаметрі 20 миллиметр болатын абоненттік құбырларды төсеу, оларды қысыммен сынау, сондай-ақ сорғы станциясы аумағын абаттандыру, электр тіректерін орнату және трансформатор қою жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Жобаның толық аяқталуы ауыл тұрғындарын тұрақты әрі сапалы ауызсумен қамтамасыз етеді. Яғни тұрғындардың өмір сүру жағдайын едәуір жақсартып, ауылдың дамуына серпін беретіні сөзсіз.

Айта кетсек, Қосшы қаласына қарасты Тайтөбе ауылы – елорданың серіктес аймақтарының бірі. Ондағы инфрақұрылымдық жобалар сол себепті де Астана агломерациясының кешенді даму жоспары аясында іске асып жатыр. Енді газ және су жүйелерінің іске қосылуы ауылдың тұрмыстық жағдайын көтеріп қана қоймай, жаңа тұрғын үй құрылыстарына, әлеуметтік нысандардың ашылуына және инвестициялық тартымдылықтың артуына жол ашады.

# ЭТНОС ТАТУЛЫҒЫ – ЖАҢА ҚАЛАНЫҢ ДАМУ ӨЗЕГІ

Биылғы қаңтардағы ресми мәлімет бойынша, Қосшы қаласында 60 155 тұрғын тіркелген. Оның ішінде 55 183-і – қазақ, 2 082-сі – орыс, ал 2 890-ы – өзге ұлт өкілдері. Яғни бүгінде қала халқының шамамен 8,2 пайызы – түрлі этностардан тұрады. Бұл дерек жас қаланың әлеуметтік құрылымындағы алуандық пен мәдени байлықтың айғағы іспетті.

Қосшы – қысқа уақытта қалыптасқан, бірақ әлеуеті зор жас қала. Мұнда елдің түкпір-түкпірінен, тіпті шет аймақтардан келіп қоныстанған азаматтар тұрады. Қазір сол түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің татулығы мен ынтымағы қаланың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етіп отыр.

Қаладағы көпұлтты орта – қоғамдық келісім мен өзара сыйластықтың нақты көрінісі. Мәселен, қалалық ішкі саясат, мәдениет,

тілдерді дамыту және спорт бөлімінің қолдауымен жыл сайын Достық фестивалі, Наурыз мерекесі, Тілдер күні, Алғыс айту күні сияқты этномәдени шаралар ұйымдастырылып, түрлі этностардың салт-дәстүрлері мен өнері дәріптеледі.

«Қосшыда өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдері – бір шаңырақ астындағы бауырлар. Біз өзара түсіністік пен татулықты басты қағида еткен қоғамбыз. Бұл – Қазақстанның тұрақтылығының негізі»,

– дейді қала тұрғыны, татар этносының өкілі Рустам Сафин.

Қосшыдағы этносаралық келісім тек мәдени өмірде ғана емес, экономикалық және әлеуметтік салада да айқын сезіледі. Өзге ұлт өкілдерінің арасында кәсіпкерлікпен айналысатын, білім беру мен медицина саласында еңбек ететін, қоғамдық бастамаларға белсене араласатын азаматтар аз емес.

Мысалы, қаладағы «Мейірім» медициналық орталығын ашқан дәрігер – пуштун. Сондай-ақ ұлттық тағамдар дүкенін жүргізіп отырған кәріс ұлтының отбасылық бизнесі бар. Орыс, өзбек, татар ұлттарының ұстаздары мен спорт жаттықтырушылары да қала жастарын тәрбиелеуде елеулі еңбек сіңіріп келеді.

Осындай этносаралық татулықтың арқасында Қосшы қаласы бүгінде әлеуметтік тұрғыдан серпінді даму жолына түсті. Мұнда жаңа мектептер, балабақшалар, спорт нысандары салынып, тұрғындарға арналған мәдени орталықтар бой



көтеріп жатыр. Бұл – ортақ еңбектің, бірлік пен түсіністіктің нәтижесі.

Қаладағы «Қоғамдық келісім» кеңесі мен этномәдени бірлестіктердің жұмысы да жүйелі. Олар халықты рухани жаңғырту, ұлттық құндылықтарды сақтау, толеранттық мәдениетті дамыту бағытында тәрбиелік іс-шаралар өткізеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен іске асатын жобалар мен форумдар Қосшы қаласында да кең қолдау тапқан. Бұл бағыттағы жұмыстар қаладағы азаматтардың барлығына ортақ мақсат – бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуде өз нәтижесін беріп отыр.

Қосшыдағы бүгінгі татулық үлгісі – елдің көпұлтты бейнесін айқын көрсететін шағын модель іспетті. Ұлттар достығы мен өзара сыйластық – жас қаланың болашағын айқындайтын басты құндылықтардың бірі.

Ерік ЕЛЕУСІЗ

## ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ 40%-Ы АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРДІ

Қазір ағылшын тілін меңгеру – жаһандану дәуірінің басты талаптарының бірі. Ол халықаралық қатынаста, білім мен ғылымда, кәсіби салада кеңінен қолданылатын әмбебап қарым-қатынас құралына айналды.

Сондықтан ағылшын тілін үйретудің негізгі мақсаты – тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, яғни шынайы өмірлік жағдайда өз ойын ағылшын тілінде еркін әрі дұрыс жеткізе білуге үйрету. Сонымен қатар ағылшын тілін оқытуда тіл үйренушілердің сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданудың маңызы ерекше. Зерттеу мақсаты – сөйлеу дағдысын қалыптастыруда тиімді әдістерді айқындап, олардың нәтижелілігін дәлелдеу.

Ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін зерттеу барысында төмендегідей бірнеше заманауи және тәжірибеде дәлелденген әдістер пайдаланылды.

### Коммуникативтік тәсіл (Communicative Approach)

Бұл тәсілдің басты идеясы – тіл үйретуді өмірлік жағдаяттарға негіздеу. Мұнда тіл үйренушілер тілдік құрылымдарды жаттаудан гөрі, оларды нақты қарым-қатынас жағдайында қолдануға үйренеді. Сабақтарда диалогтар, пікірталастар, сұрақ-жауап, жағдаяттық ойындар жиі қолданылады. Мысалы, «At the restaurant» немесе «In the shop» тақырыптарында тіл үйренушілер өзара сөйлесіп, тілдік материалды шынайы контексте қолданады.

### Рөлдік ойындар (Role-play method)

Рөлдік ойын – тіл үйренушілерді шығармашылыққа баулитын әрі сөйлеуге ынталандыратын тиімді әдіс. Мұғалім тіл үйренушілерге «дәрігер мен пациент», «мұғалім мен оқушы», «жолаушы мен сатушы» дегендей әртүрлі рөлдер береді. Бұл тәсіл сөйлеу қабілетін табиғи жолмен дамытады. Себебі тіл үйренушілер дайын диалогты емес, өз бетінше сөйлеу арқылы тілдік қорын кеңейтеді және коммуникативтік сенімділік қалыптастырады.

### Жобалық әдіс (Project-based Learning)

Жобалық оқыту тіл үйренушілерді зерттеу, ізденіс және топтық жұмыс арқылы ағылшын тілін қолдануға бау-



лды. Оқушылар белгілі бір тақырыпта («My Dream City», «Healthy Lifestyle», «Environmental Problems») ақпарат жинап, нәтижесін ағылшын тілінде таныстырады. Бұл әдіс тіл үйренушілердің зерттеушілік дағдысын, сөйлеу мәдениетін және логикалық ойлау қабілетін дамытады.

### Тапсырмаға негізделген оқыту (Task-based Learning)

Бұл тәсілдің өзегі – тіл үйренушілердің нақты коммуникативтік тапсырмаларды орындауы. Тапсырма шынайы өмірмен тығыз байланысты болуға тиіс. Мысалы, «мереке ұйымдастыру», «саyahат жоспарын құру», «қонаққа шақыру». Мұнда тіл үйренудің мақсаты – сөйлеу процесінде мәселені шешу. Бұл әдіс оқушыларды мақсатқа бағытталған сөйлеуге және шынайы тілдік тәжірибе алмасуға итермелейді.

### Жұптық және топтық жұмыс (Pair & Group Work)

Жұппен және топпен жұмыс істеу тіл үйренушілердің бір-бірімен қарым-қатынасын жандандырады. Олар пікір алмасып, ортақ шешім қабылдайды, бір-бірін тыңдауға және қателерін түзетуге үйренеді.

### Нәтижелер

Зерттеу Қосшы қаласы әкімдігінің «Тілдерді оқыту орталығы» КММ-дегі тыңдаушылар арасында жүргізілді. Нәти-

жесінде тыңдаушылардың 40%-ы сөйлеу дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Коммуникативтік және рөлдік әдістерді жүйелі қолданған тіл үйренушілердің сөйлеу белсенділігі мен сөздік қорының едәуір артқаны байқалды. Диалог жүргізу қабілеті мен тілдік еркіндік 40% өсті. Сонымен қатар сабаққа қызығушылығы мен өзіндік белсенділігі жоғарылады.

### Талқылау

Алынған нәтижелер коммуникативтік, жобалық және тапсырмаға негізделген әдістердің сөйлеу дағдысын дамытуда айтарлықтай тиімді екенін көрсетті. Бұл тәсілдер тіл үйренушілердің логикалық ойлауын, топта жұмыс істеу қабілетін және өз ойын ағылшын тілінде еркін жеткізу дағдысын дамытады.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, ағылшын тілін оқытуда сөйлеу дағдысын қалыптастырудың ең тиімді жолы – коммуникативтік бағыттағы әдіс-тәсілдерді ұтымды үйлестіре қолдану. Коммуникативтік, рөлдік, жобалық және тапсырмаға негізделген тәсілдер тіл үйренушілердің белсенділігін арттырып, тілді табиғи ортада меңгеруге мүмкіндік береді.

Сымбат ӘЛИХАНОВА,  
Қосшы қаласы әкімдігінің «Тілдерді оқыту орталығы» КММ ағылшын тілі оқытушысы

## ҚАРАПАЙЫМ ЖҰМЫСШЫНЫҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕСЕН

Қосшы қаласы бүгінде елдегі бейбітшілік пен бірліктің символына айналып отыр. Мұнда түрлі этнос өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп, ортақ мақсат – қаланың өркендеуі мен еліміздің дамуына адал еңбек етіп келеді. Әр ұлт өкілі өз мәдениетін сақтай отырып, бір үйдің баласындай ынтымақпен тіршілік етуде.



Солардың бірі – «Котельная ОСИ» мекемесінде слесарь-жөндеуші болып жұмыс істейтін Иваненко Владимир Александрович. Ол өз ісіне адал, еңбекқор жан ретінде әріптестері арасында ерекше құрметке ие. Жылдар бойы жауапкершілікпен жұмыс істеп, өз ұжымында сенім мен сыйластықтың үлгісін көрсетіп келеді. Қаладағы инженерлік инфрақұрылымды үздіксіз қамтамасыз етуде оның еңбегі зор.

Владимир Александровичтің адал еңбегі еленіп, Қосшы қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталған. Өзінің туған қаласына деген сүйіспеншілігін ол қарапайым сөздермен жеткізді.

«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Мұнда түрлі ұлт өкілдері бір-біріне құрметпен қарап, татулықта өмір сүріп келеді. Қосшы қаласы жыл сайын дамып, көркейіп жатыр. Мұндай ортада өмір сүру – мен үшін үлкен бақыт», – дейді кейіпкеріміз.

Қаладағы этнос өкілдерінің осындай өзара түсіністігі мен достығы – қоғамдағы тұрақтылықтың басты кепілі. Қосшыда түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері мәдени шараларға, қаланы көркейту бастамаларына және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып келеді. Бұл өз кезегінде ел ішінде бейбітшілік пен келісімнің нығая түсуіне жол ашады.

Қазір Қосшы қаласы күн сайын дамып, жаңа нысандар бой көтеріп, тұрғындардың өмір сапасы артып келеді. Жаңа мектептер мен балабақшалар салынып, көшелер абаттандырылып жатыр. Әрине, мұның бәрі – ел игілігі үшін бірлесіп еңбек етіп жүрген сан түрлі этнос өкілдерінің ортақ жетістігі.

Қосшы қаласындағы әрбір азамат өз елін сүйіп, жеке кәсіби арқылы қоғамға пайдасын тигізуді парыз санайды. Сондықтан Владимир Александрович сияқты еңбекқор азаматтардың өмірлік ұстанымы мен адалдығы – жастарға үлгі, татулық пен бейбітшіліктің айқын дәлелі.

Ғани АТЫМТАЙ

«VICCO.KZ» ЖШС, БСН 191240003576 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Алия Молдағұлова көшесі, 5/1 үй, 3 пәтер. Тел.: 8 705 514 67 83

ТОО «VICCO.KZ» БИН 191240003576 сообшае о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Западно-Казахстанская обл., г.Уральск, ул.Алия Молдағұлова, д.5/1, кв.3. тел.: 8 705 514 67 83

«Консолидированные Эксперты Туризма» ЖШС, БСН 140440008215 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Абылай хан даңғылы, 11/1 үй. Тел.: 8 708 958 41 29

ТОО «Консолидированные Эксперты Туризма» БИН 140440008215 сообшае о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, пр.Абылай хана, д.11/1. тел.: 8 708 958 41 29

«Birch (Бирч)» ЖШС, БСН 220440041680 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Амангелды Иманов көшесі, 19 ғимарат. Тел.: 8-701-609-74-21

ТОО «Birch (Бирч)» БИН 220440041680 сообшае о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр, пр.Амангелды Иманов, здание 19. тел.: 8 701 609 74 21

«Arnau Megatrade Group» ЖШС, БСН 181140010197 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қабанбай Батыр көшесі, 83 үй, н.п.43 Тел.:8 775 119 11 43

ТОО «Arnau Megatrade Group» БИН 181140010197 сообшае о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Алмалинский р-н, ул.Кабанбай батыра, д.83, н.п.43 тел.: 8 775 119 11 43

«МК Экстра Ломбард» ЖШС хабарлайды: қайтарылмаған кепіл мүлкін сату бойынша голланд әдісімен өтетін сауда ұйымдастырылады. Сауда өткізу мерзімдері: 2025 жылғы 3-7 қараша, 2025 жылғы 10-14 қараша, 2025 жылғы 17-21 қараша, 2025 жылғы 24-28 қараша күндері. Сауда уақыты: сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін. Өтетін орны: Астана қаласы, Керей және Жәнібек хандар көшесі, 11-үй.

ТОО «МК Экстра Ломбард» сообшае о проведении торгов по голландскому методу невыкупленного залога имущества, который состоит: с 03 по 07 ноября 2025 г, с 10 по 14 ноября 2025 г, с 17 по 21 ноября 2025 г, с 24 по 28 ноября 2025 г с 10:00 до 13:00 по адресу: г. Астана, ул. Керей и Жанибек хандар 11.

«ProLombard» ЖШС хабарлайды: қайтарылмаған кепіл мүлкін сату бойынша сауда өткізіледі. Сауда өткізілетін күндер: 2025 жылғы 6 қараша, 2025 жылғы 25 қараша, 2025 жылғы 25 желтоқсан. Сауда уақыты: сағат 10:00-ден 16:00-ге дейін. Өтетін мекенжайлар: Астана қаласы, Байтұрсынов көшесі, 51, тұрғын емес үй-жай №214; Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 7-үй, тұрғын емес үй-жай №8.

ТОО «ProLombard» сообшае о проведении торгов не выкупленного залога имущества которые состоят 6 ноября 2025 г, 25 ноября 2025 г., 25 декабря 2025 г с 10.00 до 16.00 по адресу: г.Астана, ул. Байтұрсынова, 51 нп-214, ул.Сарайшық, дом 7, НП 8

Мұрагерлік іс ашылғаны туралы хабарлама Аль-Рахапи Абдель Хакимнің (1970 жылғы 26 қыркүйекте туған) 2020 жылғы 7 қарашада қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге келесі мекенжай бойынша жүгіну сұралады: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 5-үй, 1-қабат. Нотариус: Бекенова Қымбат Еркенқызы Байланыс телефоны: 8 701 514 46 98

Открыто наследственное дело после смерти Аль-Рахапи Абдель Хаким (26.09.1970 г. р.), умершего 07.11.2020 г. Наследникам просим обращаться к нотариусу Бекеновой Кымбат Еркеновне по адресу: г. Астана, пр. Тәуелсіздік, д.5, 1 этаж.тел.: 8 701 514 46 98

«STATUS PRO «KZ»» ЖШС (БСН 120540001674) жарғылық капиталдың мөлшері 100 000 (бір жүз мың) теңгеге дейін азайтылғанын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Күләш Байсейітова көшесі, 8 үй, 325-пәтер.

ТОО «STATUS PRO «KZ»» БИН 120540001674 сообшае об уменьшении уставного капитала до 100 000 тг (сто тысяч тенге) тенге. Претензии принимаются в течение одного месяца со дня опубликования объявления по адресу: Казахстан, г.Астана, район Сарыарқа, ул.Күләш Байсейітова, д.8, кв. 325

«Halyk&Gold» ЖШС, БСН 190240003216 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 12Б ғимарат. Тел.:8-707 351 13 30

ТОО «Halyk&Gold» БИН 190240003216 сообшае о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Жамбылская обл., Таласский р-н, г.Каратау, ул.Бауыржан Момышұлы, стр.12Б тел.: 8 707 351 13 30

Жауапкершілігі шектеулі жекеменшік акционерлік компания «ORACLE CAPITAL ADVISORS LTD» («ОРАКЛ КЭПИТАЛ ЭДВАЙЗОРС ЛТД») өкілдігі (БСН 100642012948) өз қызметін тоқтататынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 83/139 үй, 43-бөлме. Телефон: 8 775 119 11 43.

Представительство Частной Акционерной компании с ограниченной ответственностью «ORACLE CAPITAL ADVISORS LTD» (ОРАКЛ КЭПИТАЛ ЭДВАЙЗОРС ЛТД), БИН 100642012948 сообшае о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Алмалинский р-н, ул.Кабанбай батыра,здание 83/139,н.п.43 тел.: 8 775 119 11 43

«Алтын шаңырақ ұясы» қоғамдық қоры, БСН 200240039717 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, 39 үй, ВП-18 Тел.: 8 701 241 06 09

Общественный фонд «Алтын шаңырақ ұясы» БИН 200240039717 сообшае о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы пр.Рақымжан Қошқарбаев,д.39, ВП-18 тел.: 8 701 241 06 09

## ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА КОРРУПЦИОННЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ

**Кто может быть привлечен к уголовной ответственности за получение взятки?**

Взятополучателем может быть признано должностное лицо – уполномоченное на выполнение государственных функций, и лицо, приравненное к нему.

Лица, занимающие ответственную государственную должность, – лица, занимающие должности, устанавливаемые Конституцией Республики Казахстан, конституционными и иными законами Республики Казахстан для непосредственного исполнения функций государства и полномочий государственных органов.

Наказание за взятку и коммерческий подкуп. Получение взятки рассматривается Уголовным кодексом Республики Казахстан, как более общественно опасное деяние, нежели дача взятки.

### Получение взятки:

Получение лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, либо приравненным к нему лицом, лично или через посредника взятки в виде денег, ценных бумаг, иного имущества, права на имущество или выгод имущественного характера для себя или других лиц за действия (бездействие) в пользу взяткодателя или представляемых им лиц, если такие действия (бездействие) входят в служебные полномочия лица, уполномоченного на выполнение государственных функций, либо приравненного к нему лица либо оно в силу должностного положения может способствовать таким действиям (бездействию), а равно за общее покровительство или попустительство по службе, – наказывается штрафом в размере от семисот до двух тысяч месячных расчетных показателей или в размере заработной платы или иного дохода осужденного за период от семи месяцев до одного года, либо ограничением свободы на срок до пяти лет, либо лишением свободы на тот же срок с лишением

права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до пяти лет с конфискацией имущества или без таковой.

Если преступление совершено лицом, занимающим государственную должность, а равно получение взятки за незаконные действия (бездействие) – наказывается лишением свободы на срок от трех до семи лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до семи лет с конфискацией имущества.

Если преступление совершено группой лиц по предварительному сговору с вымогательством или в крупном размере, неоднократно – наказываются лишением свободы на срок от семи до двенадцати лет с конфискацией имущества.

### Дача взятки:

Если взятка дается должностному лицу лично или через посредника – штраф в размере от семисот до двух тысяч месячных расчетных показателей или в размере заработной платы или иного дохода осужденного за период от пяти до семи месяцев либо исправительными работами на срок до двух лет, либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Если взятка дается должностному лицу за совершение им заведомо незаконных действий (бездействие) – штраф в размере от тысячи до трех тысяч месячных расчетных показателей или в размере заработной платы или иного дохода осужденного за период от семи месяцев до одного года либо ограничением свободы на срок до пяти лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Дача взятки лицу, занимающему ответственную государственную должность – наказывается лишением свободы на срок от пяти до десяти лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью



на срок до семи лет с конфискацией имущества.

### Посредничество взятки и подкупа

Взятка нередко дается и берется через посредников – подчиненных сотрудников, индивидуальных предпринимателей, работников посреднических фирм, которые рассматриваются Уголовным кодексом Республики Казахстан как пособники преступления.

Коммерческий подкуп может осуществляться через посредников – подчиненных сотрудников, партнеров по бизнесу, специально нанятых лиц, которые также рассматриваются Уголовным кодексом Республики Казахстан, как пособники преступления.

Взятка может быть предложена как напрямую

(«если вопрос будет решен в нашу пользу, то получите.....»), так и косвенным образом.

**Гражданин, давший взятку или совершивший коммерческий подкуп, может быть освобожден от ответственности, если:**

- установлен факт вымогательства;
- гражданин добровольно сообщил в правоохранительные органы о содеянном.

Заведомо ложный донос о вымогательстве взятки или коммерческом подкупе рассматривается Уголовным кодексом Республики Казахстан как преступление и наказывается лишением свободы на срок до шести лет (ст. 351).

Прежде чем совершить коррупционное преступление помните «Даешь взятку – получаешь срок».



Ел тәуел-  
сіздігіне 30 жыл толған уақытта  
өз ішіміздегі заңды түрде тіркелген үкіметтік емес  
ұйымдардың саны 22 мыңға жеткен болатын. Бүгінде оның 16  
мыңға жуығы белсенді жұмыс істеп тұр. Бұл кейінгі кезде мемлекет  
тарапынан азаматтық қоғам институтын қалыптастыру жобаларының  
сәтті іске асып жатқанын айғақтайды. Соны оқырманға толыққанды  
түсіндіру мақсатында біз АМАНАТ партиясы Қосшы филиалының  
атқарушы хатшысы Рақымжан Сейдахметовті әңгімеге  
тартқан едік.



## Рақымжан СЕЙДАХМЕТОВ: АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

– Рақымжан Ешкембайұлы, біз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары елдегі қоғамдық ұйымдар саны 100-ге жетер-жетпес қана еді ғой. Ал қазір қоғамда азаматтық бастамалар артып келеді. Оқырманға түсінікті болуы үшін соның нақты нәтижелерін атап өтесіз бе?

– Алдымен үкіметтік емес ұйымдардың қатары көбейгенін ескерсек, оларды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру бүгінде миллионнан миллиард теңгеге дейін ұлғайған. Соның арқасында азаматтық сектор дегеніміз осы күні 40 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Оларға билік тарапынан артатын сенім де, жауапкершілік те жоғары. Оларды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы мынадай: мысалы, 2020-2030 жылдарға арналған Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы президент Жарлығымен 2020 жылдың 27 тамызында бекітілген. Қазір содан бергі іс-шаралар жоспары 2020 жылдан 2025 жылға дейін орындалса, екіншісі 2026 жылдан 2030 жылға дейін іске асады. Аталған алғашқы кезеңінде негізгі 5 бағыт бойынша 33 іс-шара қамтылған. Оның ішінде азаматтық қоғам дамуын құқықтық жетілдіру, азаматтық белсенділікті дамыту, тұрғындардың мемлекеттік басқаруға қатысуын көтермелеу және қоғамдық бірлестерді БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға кеңінен тарту сияқты жобалар бар.

– Азаматтық қоғам дегенде, қарапайым бұқараның есіне бірден волонтерлердің белсенділігі түсетіні сөзсіз. Сол ерікті азаматтардың белсенділігі көңіл көншіте ме?

– Әрине! Бұл ретте президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған волонтерлік қозғалыстың қазір жалпыхалықтық қолдауға ие үлкен жобаға айналғанын жақсы білесіздер. Әсіресе, пандемия кезінде еріктілер қызметінің қарқыны артып, бағдарламалар мен жобалардың ауқымы айтарлықтай кеңейе түскен болатын. Сол сәтте, тіпті, бір-ақ жыл ішінде волонтерлік ұйымдар саны 3 есе (2019 жылы – 224, 2020 жылы

– 673), белсенді еріктілер қатары 4 есе (2019 жылы – 50 мың адам, 2020 жылы – 200 мыңға жуық адам) артқан. Содан кейін волонтерлікті дамытудың Жол картасы қабылданды. Соның аясында еріктілер құрған республикалық және 17 өңірлік фронт-офис өз жұмысын сәтті жалғастырып келеді.

– Сонда волонтерлік қозғалыстарға мемлекет тарапынан нақты қандай бастамалары үшін қолдау көрсетіледі?

– Бастамалар көп қой. Мәселен, жануарларға жанашырлық танытатын Birgemiz: Ayala, аға буынды волонтерлік қызметке шақыратын «Күміс волонтерлік» жобаларына, одан өзге де өзекті тақырыптарға 130-дан аса шағын грант қарастырылған. Президенттің БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясында Халықаралық волонтерлер жылын жариялауы тегін емес. Осы орайда Қазақстанның ұсынысымен БҰҰ Бас Ассамблеясы қарарына «Волонтерлікті 2030 жылға дейін дамытудың күн тәртібі» енгізілгенін айта кеткен жөн. Соның арқасында қазір Үкімет қолдауымен БҰҰ-ның түрлі құрылымында біздің 7 волонтер қызмет атқарып жүр.

– Ал Азаматтық форумның қоғамнан алар орны қандай?

– Ол – жалпыұлттық диалог шеңберінде тең құқықты әріптестікті құруға бағытталған мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдарының тұрақты диалог алаңы. Мақсаты – азаматтық қоғам институттарын жан-жақты дамытып, олардың мемлекетпен және бизнес-сектормен тең құқықты әріптестігіне арналған қолайлы жағдай жасау. Алғаш 2003 жылы басталған Азаматтық форум қазір 2 жылда бір рет тұрақты түрде өткізіліп келеді. Жалпы, осы форум аясындағы кездесулер азаматтық қоғамды дамытудағы бастамаларды қорытындылауға және қажетті кері байланысты арттыруға зор септігін тигізеді.

– Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық

сенім кеңесінің де міндеті сол азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау емес пе еді?

– Иә, ол кеңес құрылғалы бері көптеген ауқымды жұмыс жүргізілді ғой. Оны алдымен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын іске асыруға айтарлықтай үлес қосты деп айтуға болады. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі аясында көтерілген мәселелердің, соның негізінде қабылданған шешімдердің барлығы жүйелі реформаларға жаңа серпін беруге бағытталған. Жалпы, құрылғаннан бері кеңес қызметі аясында 9 заң қабылданды. Оның бәріне жеке-жеке тоқталып отырмай-ақ қояйын. Көзіқарақты халық жақсы хабардар ғой. Ал Ұлттық кеңес туралы қысқаша айтарым, ол үйлесімді қоғамдық ортаны дамытуға және өркениетті диалог нормаларын орнықтыруға жәрдемдесу бағытында жұмыс істеп келеді.

– Жарайды, оны мемлекеттік деңгейдегі үлкен құрылым дейік. Ал әлгі заңды түрде жұмыс істейтін қаптаған үкіметтік емес ұйымдар тарихи Отанына оралған қандастар мәселесін шешуге ықпал ете ала ма?

– Қандастар мәселесі негізінен Мәдениет және ақпарат министрлігі жанынан құрылған «Отандастар қоры» КЕАҚ арқылы шешіледі. Сол қордың ықпалымен қандастарға құқықтық және заңдық көмек, мемлекеттік қызметтерді пайдалану, әлеуметтік жәрдем және түрлі бағдарлама мен жобалар туралы толыққанды ақпарат беріледі. Қазір Алматы, Қарағанды, Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары және Астана, Алматы қалаларында атамекеніне табан тіреген ағайындар ақпараттық қолдау орталықтары ашылған. Одан бөлек, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарында және Шымкент қаласы мен Түркістан облысында бірлескен орталық ашылып отыр. Оларға қандастар тарапынан өтініштер көбіне құжатты дұрыс толтыру, азаматтық алуға құжат өткізу,

қандас мәртебесін алуда өз құқығы мен бостандығын білу, түрлі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер бойынша түседі. Жалпы, қандас мәртебесі мен азаматтық алу рәсімін жеңілдететін «бір терезе» жобасы қарқынды жұмыс істеп тұр. Соның арқасында азаматтық алуға берілген өтініштің қаралу мерзімі 6 айдан 3 айға қысқартылған. Заң талабына сай жиналатын құжаттар тізбесі де әжептәуір ықшамдалған. Осылайша, қандастар бұрынғыдай әртүрлі мекемеге жеке-жеке құжат тапсырмай, ХҚКО арқылы бір-ақ өтініш бере алады.

– Айтқаныңыздың бәрі орынды. Бірақ қарапайым халық үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне аса қатты жүгіне қоймайтын сияқты. Тіпті, көбі «азаматтық қоғам» дегеннің өзін дұрыс түсініп жүрген жоқ. Сонда оған насихат кемшін бе?

– Мен олай демес едім. Себебі жылдан-жылға жұрттың азаматтық белсенділігі артып, түрлі қоғамдық ұйымдардың айналасына бірігуі қарқын алып келе жатыр. Өйткені азаматтық қоғам институттарының жан-жақты дамуы үшін мемлекет тарапынан қолайлы жағдайлар жасалып отыр. Айталық, өркениетті елдерде халықтың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани және саяси-құқықтық жағдайын жақсарту тек мемлекеттің міндеті емес, ол – тұтас азаматтық қоғамның да басты мақсаты. Қоғамдық мәселелер сіз айтқан қарапайым азаматтардың тікелей қатысуымен шешіледі. Сондықтан бүгінде ҰЕҰ дерекқорына азаматтармен тікелей жұмыс істейтін 6 мыңға жуық қоғамдық ұйым есеп тапсырған. Иә, азаматтық қоғам саласындағы барлық мәселені бір мезетте шешіп тастау мүмкін емес. Ол үшін қоғамдық ұйымдардың кәсіби біліктілігін арттырған маңызды. Осы мақсатта «ҰЕҰ Академия» оқыту жобасы қолға алынған. Онда үкіметтік емес ұйым басшыларына өз саласындағы заманауи технологияны меңгеру бойынша семинар, тренинг ұйымдастырылады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Еркеғали БЕЙСЕНОВ

## ҚОСШЫДА ТҮСІНДІРУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Қосшы қаласының төтенше жағдайлар бөлімі жылыту маусымына орай өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіруге бағытталған ауқымды шараларды қолға алды.



Қызметкерлер көпқабатты және жер үйлерді аралап, тұрғындарға пеш пен электржылытқыш құралдарын пайдалану тәртібін түсіндіріп, қауіпсіздік талаптарын еске салып жүр. Әлеуметтік осал топтағы отбасылардың үйлеріне түгін датчиктері орнатылып, жадынамалар мен QR-коды бар ақпараттық парақшалар таратылды. Құтқарушылардың айтуынша, пештер мен мұржаларды уақтылы жөндеп, тазалау – қауіпсіздіктің басты кепілі. Қолданыстағы нормаларға сәйкес, түгін мұржалары кемінде 3 айда бір рет күйден тазаруы қажет. Сондай-ақ тұрғындарға өз қолымен жасалған жылытқыштарды пайдаланбау, бір розеткаға бірнеше қуатты құрылғы қоспау және ескі сымдарды дер кезінде ауыстыру ұсынылады.

Қала тұрғындарына арналған түсіндіру жұмыстары Ақмола облысындағы «Өрт қауіпсіздігі

айлығы» аясында жүргізіліп жатыр. 22 қазанда басталған айлық 22 қарашаға дейін жалғасады. Негізгі мақсат – жылыту маусымының қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету және өрттің алдын алу.

Облыс көлемінде аталған бастамаға төтенше жағдайлар қызметі, жергілікті билік, полиция және еріктілер жұмылдырылған. Мамандар тұрғын үйлерді аралап, «Өрттен сақ бол!», «Сіріңке – бір өмірдің бағасы», «Қауіпсіздік – әр үйге», «Көмірқышқыл газынан сақтан!» сияқты ақпараттық акциялар өткізуде.

Ресми деректерге сүйенсек, жыл басынан бері Ақмола облысында 45 өрт тіркеліп, көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 32 пайызға артқан. Көптеген оқиға электр жабдықтарын дұрыс орнатпау немесе пайдалану кезінде ережелердің сақталмауынан туындаған. Кей жағдайда отты абайсыз қолдану

мен өздігінен тұтану да себеп болған.

Өрт сөндіру қызметінің жұмысы тек түсіндіру шараларымен шектелмейді. Көпөтерлі үйлер аумағында өрт сөндіру техникасының қозғалысына кедергі келтіретін 25 бетон бөгет алынып, қолжетімділік артты.

Мамандардың пікірінше, өрттің алдын алудың ең сенімді жолы – қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау. Әрбір тұрғынның жауапкершілігі мен ұқыптылығы жеке мүлкті ғана емес, алдымен адам өмірін қорғауға бағытталған.

Жылыту маусымы басталған сайын өңірде өрт қауіпі бірнеше есе арта түседі. Сол себепті Қосшы қаласында қолға алынған түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Қарапайым сақтық шаралары мен жүйелі профилактика өз үйіңізді, отбасыңызды және көршілеріңізді қайғылы жағдайдан сақтай алады.

# ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ШАРАЛАР ҚАРҚЫНЫ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мәдени, ұлттық құндылықтардың қайтадан жандануына назар аударды. Соның ішінде, дәстүрлі діни сананың қайтадан жаңғыруына мүмкіндік берілді. Қазақстанды мекен еткен түрлі дін өкілдеріне діни ұстанымда еркіндік берілді. Діни қызметті мемлекет құқықтық тұрғыда реттеп отырды. Қазақстанда діндарлық пен оның әлеуетінің өсуі жағдайында заңнамалық реттеудің объективті қажеттілігі бар. Соның ішінде мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылында радикалды діни ағымдардың қызметіне тосқауылдар қою басты күн тәртібіне өтті.

Кейінгі уақытта Қазақстанда билік органдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және терроризм мен экстремизмге қарсы тұрудың заңнамалық базасын кеңейту мен жетілдіруге бағытталған іс-әрекеті жүргізіліп келеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы экстремизм мен төзбеушіліктің ықтимал көріністеріне бірқатар конституциялық тыйым салады. Сонымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабы, 3-тармағына сәйкес, «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерлендірілген құрамалар құруға тыйым салынады», 20-баптың 3-тармағына сәйкес, «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», 39-баптың 2-тармағына сәйкес, «Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Қазақстандағы діни экстремизм мәселесіне қатысты көптеген заңнама шектеулер мен жауаптылықты қарастырады. Солардың ішінде негізгі қамтылатын заңдар: ҚР Конституциясы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Тероризмге қарсы іс-қимыл туралы» және «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңдар, Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс және т.б.

Экстремизм ұғымы бүгінде тек құқықтық категория ғана емес, сонымен қатар қоғамның тұрақтылығына, ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер ететін құбылыс ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында экстремизмнің алдын алу, оған тосқауыл қою және құқықтық жауапкершілікті нақтылау мәселелері ерекше орын алады.

Экстремизм ұғымы заңнамада саяси, діни, әлеуметтік көзқарастарды күшпен насихаттау, қоғамның конституциялық құрылымын бұзуға ұмтылу, ұлттық және діни алауыздықты қоздыру сияқты қауіпті әрекеттерді қамтиды. Мұндай қылмыстарға қарсы күрес тек жазалау сипатында емес, сонымен қатар алдын алу, түсіндіру, құқықтық мәдениетті көтеру бағытында жүргізіледі.

2005 жылы қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заң Қазақстандағы осы бағыттағы негізгі құқықтық құжат саналады. Заңда экстремистік қызметтің түрлері, оларды болдырмау тетіктері, мемлекеттік органдардың өкілеттігі мен азаматтардың құқығы нақты айқындалған. Сонымен бірге, Қылмыстық кодекске экстремистік әрекеттерге байланысты арнаулы баптар енгізілген. Мәселен, экстремистік ұйым құру, оны қаржыландыру немесе насихаттау ауыр қылмыс түрінде бағаланып, қатаң жаза қарастырылған.

Соңғы жылдары заңнамалық өзгерістер де енгізіліп отыр. Экстремизмге қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында интернет кеңістігіндегі бақылау күшейтілді, әлеуметтік желілерде заңсыз контент таратуға жауапкершілік белгіленді. Сонымен бірге, қоғамда діни сауаттылықты арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар іске асып келеді.

Экстремизмге қарсы күрес тек Қазақстанға тән мәселе емес. Әлем елдерінің



көпшілігі осы қатермен бетпе-бет келіп отыр. Мәселен, Еуропа елдерінде интернеттегі экстремистік материалдарды бұғаттау жүйесі белсенді қолданылса, АҚШ-та қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатаң бақылау орнатылған. Қазақстан осы тәжірибелерді ескере отырып, өз заңнамасын бейімдеп келеді. Алайда халықаралық сарапшылардың айтуынша, экстремизмге қарсы күрес кезінде құқықтық тепе-теңдікті сақтау өте маңызды. Яғни бір жағынан азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болса, екінші жағынан олардың сөз бостандығы мен діни сенім еркіндігін шектемеу керек. Қазақстан заңнамасы да осы тепе-теңдікке назар аударады.

Экстремизмнің алдын алу тек заңнама-

лық шеңберде ғана емес, әлеуметтік-тәрбие жұмыстары арқылы іске асады. Мектептерде, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда түрлі түсіндіру шаралары ұйымдастырылып жатыр. Жастардың діни және құқықтық сауатын көтеру, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру – экстремизмге қарсы идеологиялық тосқауылдың негізгі элементтері. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер мен мәдени-білім беру орталықтары да үлкен рөл атқарады. Халыққа экстремизмнің қауіптілігі мен оның құқықтық салдарын дер кезінде жеткізу қоғамның иммунитетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Экстремизмге қарсы құқықтық шара-

лар Қазақстан қоғамының тұрақтылығын сақтауда шешуші маңызға ие. Заңнаманың нақты болуы, мемлекеттік органдардың үйлесімді әрекеті және қоғамның белсенді қатысуы ғана бұл қатерге тиімді қарсы тұра алады. Сонымен қатар халықаралық тәжірибені ескере отырып, азаматтардың құқығы мен бостандықтарын құрметтеу де маңызды қағида болып қала береді.

Экстремизмге қарсы күрес – тек мемлекеттік емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі.

**«ALDASPAN» талдау орталығы,  
Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша**

## ЕСІРТКІСІЗ ЕЛ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖАСАЛҒАН БІР ҚАДАМ

Есірткіге қарсы күрес – қоғамның тұрақтылығын, ұлттың болашағын қорғауға бағытталған стратегиялық міндет. Соңғы жылдары Қазақстанда, соның ішінде Ақмола облысына қарасты Қосшы қаласында да есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл шаралары күшейіп келеді.



Бұл бағыттағы жұмыстар құқық қорғау органдары мен жергілікті қоғамдастықтың өзара іс-қимылына, сондай-ақ жастар арасында профилактикалық түсіндірудің тиімділігіне тікелей байланысты.

Жалпы алғанда, Қосшы – қала мәр-

тебесіне ие болғалы бері қарқынды дамып келе жатқан аймақ. Ал осылайша халық санының күрт өсуі, урбанизация, еңбек миграциясы және бос уақытты тиімді өткізуге арналған әлеуметтік инфрақұрылым жетіспеушілігінің белгілі бір әлеуметтік қауіптерді тудыратыны

сөзсіз. Соның бірі – есірткі айналымы мен синтетикалық заттардың таралуы. Қалалық полиция бөлімінің дерегіне сүйенсек, соңғы бір жыл ішінде Қосшыда есірткіге қатысты бірнеше құқықбұзушылық тіркелген. Олардың ішінде синтетикалық есірткінің интер-

нет арқылы таратқан және «закладка» тәсілімен жасырған деректер бар. Мұндай қылмыстардың артында көбіне ұйымдасқан топтар мен «жастар курьерлері» тұрады.

Бүгінде Ішкі істер министрлігі есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылды мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде белгілеп отыр. Сондықтан «Есірткісіз болашақ» республикалық бағдарламасы аясында аймақтарда арнайы мобильді топтар жұмыс істейді.

Атап айтқанда, Ақмола облысында биылдың өзінде 200-ден аса рейдтік іс-шара өтіп, 30 келден аса есірткі заты тәркіленген.

Қосшы қаласында да осындай іс-шаралар жиі өткізіліп келеді. Мысалы, биыл өктемде қалалық мектептерде есірткіге қарсы ашық сабақтар мен пікірталас ұйымдастырылды. Құқық қорғау қызметкерлері, педагогтер және ата-аналар қауымдастығы бірлесе отырып, жасөспірімдердің есірткіге еліктеуінің алдын алу жолдарын түсіндірді.

Сорақысы, интернеттің қарқынды дамуымен қатар, соңғы жылдары есірткі бизнесі дәстүрлі тәсілдерден онлайн-форматқа көшіп отыр. Енді Telegram-боттар мен өзге де әлеуметтік желілер арқылы жасырын сауда ұйымдастыру, құпия сөз арқылы «жасырын мекенжайлар» қою сияқты тәсілдер құқық қорғаушыларға жаңа міндеттер жүктей береді.

Қазір Қосшы қаласының полиция бөлімі мен ІІМ Киберқылмысқа қарсы орталығы жергілікті интернет кеңістігін бақылауды күшейтіп, жарнама мен сілтеме қалдырушыларды анықтау жұмыстарын белсенді түрде жүргізіп отыр.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай киберсауданың алдын алу тек полицияның ғана емес, ата-аналар мен педагогтердің цифрлық сауаттылығына да

байланысты. Себебі жасөспірімдер көп жағдайда қауіпті сайттарға ойын немесе «жұмыс ұсынысы» арқылы байланып қалады.

Негізінен бізге есірткі бизнесіне қарсы күресте қоғамның шешуші рөл атқаратынын ескеру қажет. Соны түсінген Қосшы қаласындағы қоғамдық белсенділер, еріктілер мен жастар ұйымдары «Таза болашақ» және «Stop Drugs» акцияларын тұрақты түрде өткізіп келеді. Мұндай шаралар жастардың өз ортасында зиянды әдеттерге қарсы тұруына және жауапкершілік сезімін күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар, жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желі белсенділері де есірткіге қарсы мәдениетті қалыптастыруға зор үлес қосып отыр.

Әрбір тұрғынның белсенді азаматтық ұстанымы – қаланың қауіпсіздігін сақтаудың кепілі. Есірткімен күрес тек жазалау шараларымен шектелмейтіндіктен, оның қазіргі ең тиімді жолы – алдын алу және ағарту жұмыстары дер едік. Сондықтан да Қосшы қаласында саламатты өмір салтын ұстануға тиіс жастарға арналған спорттық және шығармашылық клубтар, психологиялық кеңес беру орталықтары ашылса, ол игіліктің қоғамдағы әлеуметтік иммунитетті күшейте түсетіні анық. Сондай-ақ есірткіге қарсы күрестің әлеуметтік тірегі деп қала жастарын жұмыспен қамту, мәдени және спорттық шараларды арттыруды зор сеніммен айта аламыз.

Сонымен, сіз бен бізге есірткі бизнесін жою, жастардың болашағын қорғау, ұлттың рухани және дене саулығын сақтау – парыз. Бұл ретте тек қауіпсіз Қосшының ғана емес, жалпы есірткісіз Қазақстанның әр азаматтың жеке жауапкершілігінен басталатынын ұмытпаған абзал.

**Еркеғали БОЛАТУЛЫ**

|    |    |    |    |    |    |    |    |    |   |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|---|----|----|----|
|    | 1  |    | 2  | 3  |    | 4  |    | 5  | 6 |    | 7  |    |
| 8  |    |    |    |    |    |    |    | 9  |   |    |    |    |
|    |    |    | 10 |    |    |    |    |    |   |    |    |    |
| 11 |    | 12 |    |    |    |    |    |    |   |    | 13 | 14 |
| 15 |    |    |    |    | 16 |    | 17 |    |   |    |    |    |
|    |    |    |    | 18 |    | 19 |    |    |   |    |    |    |
| 20 |    |    |    |    | 21 |    |    |    |   | 22 |    |    |
|    |    |    |    | 23 |    |    |    | 24 |   |    |    |    |
| 25 | 26 |    |    |    |    |    | 27 |    |   |    | 28 |    |
| 29 |    |    |    |    |    | 30 |    |    |   |    | 31 |    |
|    |    |    | 32 |    |    |    |    |    |   | 33 |    |    |
| 34 |    |    |    |    |    |    |    | 35 |   |    |    |    |
|    |    |    | 36 |    |    |    |    |    |   |    |    |    |

«Janabastau» газетінің №42 (181) санында жарық көрген кроссвордтың дұрыс жауаптары:

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Н | Е | В | А | Д | А |   | Қ |   | К |   | П | А | Р | К | Е | Т |
| Е |   | О | О |   |   | Б | И | К | Е | Ш |   | Р |   | И |   | Е |
| К | А | К | А | Д | У |   | Я |   | К |   | Н | А | Й | М | А | Н |
| Т |   | З |   | А | Д | Ы | Р | А | С | П | А | Н |   | О |   | Н |
| А | Р | А | Б |   | О | Қ |   | С |   | И | Т |   | А | Н | Т | И |
| Р |   | Л | А | Р | Н |   | С | А | Қ |   | О | Д | Д | О |   | С |
|   | П |   | Л | У |   | Т | А | Т | А | Р |   | О | Р |   | Е |   |
| С | А | Я | Қ |   | Т | А | Б | У | Р | Е | Т |   | Е | Г | Д | Е |
|   | Н |   | А | Т | А | Л | А |   | А | Г | О | Р | Н |   | І |   |
| А | Д | А | Й |   | Т | О | Л | А | Ғ | А | Й |   | А | Р | Г | О |
|   | А |   | М | И |   | Н | А | З | А | Р |   | Ұ | Л |   | Е |   |
| Б |   | Б | А | Ж | А |   | Қ | А | Й |   | А | Н | И | С |   | П |
| А | Т | А | Қ |   | Р | А |   | Л |   | О | М |   | Н | О | Т | А |
| О |   | Й |   | М | А | Ң | Ғ | Ы | С | Т | А | У |   | Ц |   | Т |
| Б | А | Л | Қ | А | Ш |   | А |   | У |   | Н | Ә | Т | И | Ж | Е |
| А |   | Ы |   | В |   | А | Й | Т | Ы | С |   | Д |   | У |   | Н |
| Б | Ұ | Қ | А | Р | А |   | Н |   | Р |   | Т | Е | Р | М | И | Т |

ТІГІНЕН:

1. Тәтті тағам түрі. 2. Күтім, жай күй. 3. Сақтау үшін берілген зат. 4. Жылдам ойналатын шахмат ойыны. 5. Көкөніс түрі. 6. АҚШ-тағы штат. 7. Құрылыс материалы. 11. Қыз есімі. 12. Қазақстандағы қала. 13. Қару түрі. 14. Бейтаныс, бөгде біреу. 16. Бір нәрсенің қатты заттан жасалған қабы. 17. Африкадағы ел астанасы. 19. Қырғыз ақшасы. 23. Африкадағы аңшылық түрі. 24. Италиядағы футбол командасы. 26. Қорған, бекініс. 28. Дәнді дақылдардың жалпы атауы. 30. Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдер жинағы. 32. Өш, ыза. 33. Таудың қатты жынысы.

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

2. Ашық аспан астында шоққа пісірілетін тағам. 8. Бағалы қағаздардың сатып алынатын, сатылатын бағасы. 9. Дене тәрбиесімен, спортпен айналысатын адам. 10. Суретші құралы. 11. Тіршілік көзі. 13. Ішіп-жемі мол. 15. Түлкі тұқымдас кішкене аң. 17. Таулы аймақтарда өсетін жеміс ағашы. 18. Қант қосып, қайнатылған жеміс. 20. Таңшапағы. 21. Музыка түрі. 22. Футбол матчының жартысы. 23. Балшықтан құйған шикі кірпіш. 25. Ескіше ай аттарының бірі. 27. Хош иісті гүл. 29. Мал төлі. 31. Диуананың қолына ұстайтын ерекше таяғы. 32. Кит тұқымдас өте ірі теңіз жануары. 34. Қауіп, апат. 35. Уақытша тұрғызылған күрке. 36. Жылы жерлерде өсетін, мәңгі жасыл шырша ағашы.

Сөзжұмбақты құрастырған:  
Аршат Ораз  
(жауаптары газеттің келесі нөмірінде)



# «ҚОСШЫ БЕНД» ТОБЫ ҚОШЕМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Қосшы қаласы бүгінде елдің мәдени және рухани өмірінде өзіндік орны бар аймаққа айналып келеді. Сол мәдени серпілістің алдыңғы шебінде жүрген жас өнерпаздардың бірі – Дінмұхаммед Маратұлы.

Жергілікті жұрт арасында «Қосшының Димашы» атанып кеткен талант иесі таяуда қаладағы қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өз жетекшілігімен құрылған «Қосшы бенд» тобының жеке шығармашылық концертін өткізіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Кеш барысында Дінмұхаммед пен оның ұжымы заманауи және дәстүрлі бағыттағы әндерді орындап, көрерменге жоғары деңгейдегі музыкалық шоу ұсынды. Әншінің кең диапазонды дауысы мен сахнадағы өзіндік харизмасы көпшілікті бірден баурап алды. Ал «Қосшы бенд» тобының кәсіби орындаушылық шеберлігі кештің көркін арттыра түсті.

Кеш соңында көрермендер өнерпаздарға ұзақ қол шапалақтап, ризашылықтарын білдірді.

Кеш соңында көрермендер өнерпаздарға ұзақ қол шапалақтап, ризашылықтарын білдірді.



Фото: Астана қаласының Мәдениет және спорт басқармасы



«Қосшы – маған туған жерімдей ыстық қала. Осы жерде мәдениет пен өнердің дамуына өз үлесімді қосу – мен үшін үлкен мәртебе», – деп ағынан жарылды Дінмұхаммед Маратұлы.

Айта кетсек, талантты әнші Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетін тәмамдағаннан кейін елордада қалмай, Қосшы қаласына келген. Содан бері ол жас қаланың мәдени өмірін өркендетуге белсене атсалысып келеді. Дінмұхаммедтің бастамасымен түрлі музыкалық жобалар мен концерттер ұйымдастырылып, жас

өнерпаздарға қолдау көрсетіліп отыр.

«Қосшы бенд» тобы – бүгінде қаланың мәдени өмірінің белсенді қатысушылары. Бұл ұжым Қосшы тұрғындарына шығармашылық шабыт пен рухани ләззат сыйлайтын өнер мектебіне айналып келеді.

Жас та болса, үлкен мақсатпен еңбек етіп жүрген Дінмұхаммед Маратұлының өнер жолы – жастарға үлгі.

Ерік ЕЛЕУСІЗ

## «Jana Bastau» газеті ресми хабарландырулар қабылдайды

Газетте жарияланатын хабарландыру түрлері:

- Тендерлер, мемлекеттік сатып алулар, аукциондар, есептер, баланстар, лоттар, сауда-саттық, жалпы жиналыстар, тарифтердің өзгеруі және өзге де ресми хабарламалар;
- Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті (ЖШС) тарату туралы хабарландырулар;
- Жарғылық капиталды азайту туралы хабарландырулар;
- Құжаттардың, шарттардың, бланкілердің, патенттердің, мөрлердің, жарғының, құрылтай құжаттарының, сақтандыру полистерінің жоғалуы туралы хабарландырулар;
- Банкроттық ісін қозғау туралы хабарландырулар;
- Мұрагерлерді іздеу туралы хабарландырулар;
- Із-түзсіз жоғалған азаматтарды іздеу туралы хабарландырулар.

Газет туралы ақпарат:

- «Jana Bastau» газеті аптасына бір рет жарық көреді және Қазақстанның барлық өңірінде таратылады.
- Астана қаласында газетті мына орындардан сатып алуға болады: «Орбита», «Гүлжан», «Артем» газет дүңгіршектері және «Қазпошта» бөлімшелері.
- Газетті Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ЦОН), әділет департаменттері, салық органдары және өзге де мемлекеттік мекемелер ресми құжат ретінде қабылдайды.

Байланыс ақпараты:  
WhatsApp: 8778 443 20 95

ХАБАРЛАНДЫРУ БАҒАЛАРЫ

Бағасы:

- 6000 теңгеден бастап (жоғалған құжаттар туралы хабарландырулар);
- 10 000 теңгеге дейін (заңды тұлғаны тарату туралы хабарландырулар).

Баға құрамына мыналар кіреді:

- Қазақ және орыс тілдерінде әзірленген мәтін;

- PDF форматындағы ресми нұсқа;
- Дайын хабарландыруды жеткізу;
- Есептік (жабу) құжаттардың толық топтамасы.



Маңызды ақпарат:

«Jana Bastau» – ресми және заңды маңызы бар хабарландыруларды жариялауға уәкілетті басылым. Біздің жарияланымдар ХҚКО, Әділет, Салық комитеті және басқа да мемлекеттік органдарда заңды күшке ие.

Тіркеу туралы мәлімет:

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 2024 жылғы 18 қаңтарда тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022 ж., № KZ40VPY00045578.

## Газета «Jana Bastau» принимает официальные объявления

Виды объявлений, публикуемых в газете:

- о тендерах, государственных закупках, аукционах, отчетах, балансах, лотах, торгах, общих собраниях, изменении тарифов и других официальных уведомлениях;

- о розыске наследников;
- о розыске без вести пропавших граждан.

Информация о газете:

- Газета «Jana Bastau» выходит один раз в неделю и распространяется на территории всех регионов Казахстана.
- В Астане газету можно приобрести в газетных киосках «Орбита», «Гүлжан», «Артем», а также в отделениях «Қазпочта».
  - Газета официально принимается ЦОНами, органами юстиции, налоговыми управлениями и другими государственными учреждениями.

Контактная информация:  
WhatsApp: 8778 443 20 95

Стоимость размещения

Цена объявления:

- от 6000 тенге (утрача документов);
- до 10 000 тенге (ликвидация юридического лица).

В стоимость входит:

- Текст на казахском и русском языках;
- Официальная версия в формате PDF;
- Доставка готового объявления;
- Полный комплект закрывающих документов.

Важная информация:

Газета «Jana Bastau» является официальным изданием для публикации юридически значимых объявлений.

Публикации в газете имеют юридическую силу и принимаются ЦОНами, Министерством юстиции, налоговыми органами и другими госструктурами Республики Казахстан.

Регистрационные сведения:

Газета «Jana Bastau» зарегистрирована в Комитете информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан. Дата регистрации: 18 января 2024 года.

Свидетельство № KZ07VPY00085845. Первичная постановка на учет: 04 февраля 2022 года, № KZ40VPY00045578.

- о ликвидации товариществ с ограниченной ответственностью (ТОО);
- об уменьшении уставного капитала;
- об утере документов, договоров, бланков, патентов, печатей, устава, учредительных документов, страховых полисов и иных бумаг;
- о возбуждении дела о банкротстве;

Jana  
Bastau

Меншік иесі –  
«Bastau Media» ЖШС

Директор –  
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор  
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары,  
веб-редактор  
Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТЕР:  
Жанар АХМЕТОВА,  
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:  
Мархабат АСЫЛБЕК  
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші

Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Ерік ЕЛЕУСІЗ

Нөмірдің кезекшісі

Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:  
Қосшы қаласы,  
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:  
тел.: +7 (701) 709-88-82

📧 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com  
🌐 www.janabastau.kz